

## Жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Атырау облыстық мәслихатының 2010 жылғы 31 наурыздағы N 317-IV шешімі. Атырау облыстық Әділет департаментінде 2010 жылғы 28 сәуірде N 2566 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облыстық мәслихатының 2018 жылғы 16 наурыздағы № 207-VI шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Атырау облыстық мәслихатының 16.03.2018 № 207 -VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі № 481 Су кодексінің 38 бабының 5 тармағына сәйкес IV шақырылған облыстықмәслихат кезекті XXI сессиясында **ШЕШТІ:**

1. Жер үсті су көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары осы шешімнің № 1 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім мемлекеттік тіркеуден өткізілген күнінен бастап күшіне енеді.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Облыстық мәслихаттың келесі шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:

1) Атырау облыстық мәслихатының 2005 жылғы 30 қарашадағы № 263-III " Жер үсті көздерінен су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем ставкаларының мөлшерлерін бекіту туралы" шешімі (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2454 рет санымен тіркелген, 2006 жылы 2 ақпанда "Атырау" газетінде № 14 жарияланған);

2) Атырау облыстық мәслихатының 2006 жылғы 12 шілдедегі № 318-III " Атырау облыстық мәслихатының 2005 жылғы 30 қарашадағы № 263-III "Жер үсті көздерінен су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем ставкаларының мөлшерлерін бекіту туралы шешіміне өзгеріс енгізу туралы" шешімі ( нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2470 рет санымен тіркелген, 2006 жылы 24 тамызда "Атырау" газетінде № 101 жарияланған).

5. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау облыстық мәслихаттың бюджет, қаржы, экономика, кәсіпкерлікті дамыту, аграрлық мәселелер және экология жөніндегі тұрақты комиссиясына (М. Шырдабаев) жүктелсін.

**Каспий теңізінің және Жайық, Ойыл, Сағыз, Ембі өзендерінің бассейндерінің жер үсті көздерінен су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем ставкаларының мөлшері**

**Ескерту. Қосымшаға өзгерістер енгізілді - Атырау облыстық мәслихатының 16.11.2015 № 407-V шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

№	Арнайа су пайдалану түрі	Өлшем бірлігі	Т ө л е м нормативтері (ставка)
1.	Тұрғын-эксплуатациялық және коммунальдық қызметтер	(теңге /1000 текше.метр)	76,3
2.	Жылу энергетикасын қоса алғанда, өнеркәсіп (өндірістік қажеттілік)	(теңге /1000 текше.метр)	436,8
3.	Ауыл шаруашылығы	(теңге /1000 текше.метр)	61,5
4.	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары	(теңге /1000 текше.метр)	594
5.	<i>алып тасталды - Атырау облыстық мәслихатының 16.11.2015 № 407-V шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).</i>		
6.	Су көлігі	(теңге /1000 тонна километр)	148,4